

Ұйғыр ауданында табысы аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 ақпандағы N 32-1 шешімі. Алматы облысының әділет департаменті Ұйғыр ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 25 наурызда N 2-19-94 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 маусымдағы N 49-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2011.12.21 N 55-7 Шешімімен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 2-тармағына сәйкес Ұйғыр аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Ұйғыр ауданында табысы аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі қосымшаға сәйкес а й қ ы н д а л с ы н .

2. Аудандық қаржы бөлімі әлеуметтік көмектің қаржыландырылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (Тұрсынжан Турдыбакиев) тұрғын үй көмегін есептеу және төлеу жұмыстарын ж ү з е г е а с ы р с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Деменбаев Даулетжан М о д и н ұ л ы н а жүктелсін.

5. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т сессиясының төрағасы **3. Тохсунов** А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы н хатшысы **М. Нуров**

Аудандық мәслихаттың 22 ақпан
2010 жылғы " Ұйғыр ауданында
табысы аз қамтылған отбасыларына
(а з а м а т т а р ы н а) тұрғын үй

көмегін	көрсетудің	мөлшері
мен	тәртібін	айқындау
туралы "	N	32 - 1
қосымша		шешіміне

Ұйғыр ауданында табысы аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы

Осы тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі мен мөлшері (әрі қарай-тәртібі) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16-шы сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне" сәйкес әзірленген тұрғын үй көмегінің мөлшері мен беру тәртібін айқындайды.

Тұрғын үй көмегі сол мекенде тұрақты тұратын және тұрғын үйдің иесі (жалдаушысы) болып табылатын табысы аз отбасыларына жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем ретінде тағайындалады.

Тұрғын үй көмегі тұрмыстық-коммуналдық қызметтерді тұтыну төлемінің шығындары белгіленген әлеуметтік нормалары мен коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтерінің шегінде отбасы бюджетіндегі оның жиынтық кірісінің 10 пайыздық үлесінен асқан жағдайда тағайындалады.

Тұрғын үй көмегінің мөлшері үй иесінің (жалгерлік) өтемдік шараларымен қамтамасыз етілетін нормалар шегінде коммуналдық қызметке ақы төлеу мен отбасына осы мақсаттарға шекті жол берілетін шығыс деңгейінің айырымды ретінде есептеледі.

Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үйін жалға беруші тұлғалар тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.

Аудандық телекоммуникациялар желісінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған шекті жол берілетін шығыстар деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

1. Қолданылатын негізгі анықтамалар

1. Уәкілетті орган - тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын "Ұйғыр ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

2. Учаскелік комиссия - тұрғын үй көмегін сұраған отбасылардың (

адамдардың) материалдық жағдайын тексеру жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия.

3. Жиынтық табыс – тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде ескерілетін табыс түрлерінің сомасы (еңбекақы, зейнетақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс, алимент түріндегі табыс, жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табыс, өзге де табыс, кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс).

2. Тұрғын үй көмегін беру тәртібі

4. Тұрғын үй көмегін алу құқығы алушы өтінішін қажетті құжаттармен тапсырған тоқсаннан басталады және сол тоқсанға төленеді.

5. Мүгедектерді және стационарлық емделуде бір айдан астам уақыт кезеңінде болатын адамдарды, күндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттар мен магистранттарды, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектерді, сексен жастан асқан адамдарды, жеті жасқа дейінгі балаларды бағып - күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға, уәкілетті органдар ұсынған жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналастырудан, кәсіби даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, осындай жұмыстарға қатысуды және оқуды өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздардың отбасына тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

Жұмыссыз адам жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналасудан, кәсіби даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттыруға жіберілген күннен бастап, оның отбасына тұрғын үй көмегі қайта қалпына келтіріледі.

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін азамат (отбасы) ауылдық, селолық округтің әкіміне өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) пәтерді жалдайтындығы туралы растайтын ауылдық, селолық округі әкімінің анықтамасы;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабінің көшірмесі;
- 4) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 5) жеке қосалқы шаруашылығының бар – жоғы туралы мәліметтер;
- 6) отбасының табысын растайтын құжаттар;
- 7) коммуналдық және телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек – шот немесе ақы төлеу туралы хабарлама, болмаса түбіртектің көшірмесі (өткен тоқсанның соңғы айы).

Тұрғын үй көмегін алу құқығы тоқсан сайын табыстар туралы құжаттардың

табыс етілуі арқылы расталады.

7. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есептік кезеңде алынған табыстың мынадай түрлері е с е п к е а л ы н а д ы :

1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
2) он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік ж ә р д е м а қ ы ;

3) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
4) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі т а б ы с ;

5) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түскен табысты уәкілетті орган мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыға қолданылып жүрген нормативтік карточкалар негізінде есептелінеді;

б) өзге де табыстар (өз қолымен растап береді).

8. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
2) тұрғын үй көмегі;
3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;

4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
5) оқушыларды тегін тамақтандыру, жалпыға бірдей оқыту қорынан берілетін көмектер және азық-түлік бағаларының қымбаттауына байланысты әлеуметтік әлжуаз топтарға көрсетілген көмектер;

б) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.

7) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек;

9. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі құжаттарды қабылдап алғаннан кейін, үш жұмыс күн ішінде қажеттілігіне қарай учаскелік комиссияларға тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының материалдық жағдайына тексеру жүргізуді ж а з б а ш а т а п с ы р а д ы .

10. Учаскелік комиссия өтініш берушілердің құжаттарын қабылдап, оларды тұрғын үй көмегін берудің қажеттілігі туралы қорытынды актілерді 5 күн ішінде әзірлеп ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкіміне ұсынады.

11. Ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі өтініш берушілердің құжаттарын өтініш берушіден құжаттар қабылданған күннен бастап он күннен кешіктірмей тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу

жөніндегі уәкілетті органға тапсырады.

12. Уәкілетті орган өтініш берушілерден және әкімдерден қоса тіркелген құжаттарымен және учаскелік комиссиялардың қорытындыларымен бірге өтініштерді қабылдайды, оларды қабылдаған күннен бастап он күн ішінде қарайды және тұрғын үй көмегін тағайындау немесе одан бас тарту туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

13. Тұрғын үй көмегін алушы уәкілетті органды тұрғын үй көмектің мөлшерін өзгерту үшін негіз болатын немесе оны алуға құқық беретін мән-жайлар туралы он бес күн мерзімде хабардар етуге тиісті.

14. Уәкілетті орган тиісті орындардан тұрғын үй көмегін тағайындау үшін ұсынылған құжаттарды қарауға қажетті мәліметтерді сұратуға құқылы.

Заңды және жеке тұлғалар шындық ақпарат беруге тиісті. Талап етілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда, тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалмайды. Тұрғын үй көмекті заңсыз тағайындауға әкеп соқтырған жалған мәліметтер берген үшін меншік үйдің иесі (немесе жалгерлер) құқықсыз алған сомасын өз еркімен қайтарады, ал бас тартқан жағдайда - сот тәртібімен.

15. Азаматтарға тұрғын үй көмегі уақытша тоқтатылады егер оны алушы:

- 1) осы тәртіпте белгіленген мерзімде тиісті құжаттарды ұсынбаса;
- 2) алатын тұрғын үй көмегін тиісті мақсатқа пайдаланбаса және тұрғын үйді күтіп ұстау мен коммуналдық қызмет төлемдері уақытында төлемесе уақытша т о қ т а т ы л а д ы .

16. Бір тоқсанда бір жолғы табысы болса, жиынтық табысты есептегенде барлық табысты ай сайынға бөліп, шыққан табыс мөлшері үш айға көбейтіледі. Егер отбасының бір мүшесі тоқсанда толық жұмыс істемесе, онда отбасының жиынтық табысын анықтауда оның табысы осы тоқсанда жұмыс істеген у а қ ы т ы н а е с е п т е л і н е д і .

17. Отбасының жиынтық табысы отбасының құрамында ескерілген барлық адамдардың табыстарын қосу арқылы өтініш берілген алдағы тоқсанның тоқсаны ү ш і н е с е п т е л е д і .

18. Өтініш беруші мен алушы ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің іс-әрекеттері мен уәкілетті органның және оның лауазымды адамдардың шешімдеріне жоғары тұрған жергілікті атқарушы органдарға, сондай-ақ сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

3. Тұрғын үй көмегін есептеудегі нормалар

19. Тұрғын үй көмегін есептегенде келесі нормалар қабылданады:

- 1) газ тұтыну - 1 айға 1 кішкене баллон.
- 2) Электр жүйесін қолдану:

1 адамға – 45 киловатт;

2 адамға - 90 киловатт;

3 адамға - 135 киловатт;

4 және одан көп адамнан тұратын отбасына – 150 киловатт.

3) сумен қамтамасыз ету нормасын қызмет берушілер ұсынады.

4) 1 жылға 4 тонна көмір (әр бір тоқсанға – 1 тоннадан).

20. Коммуналдық қызметтерді тұтыну төлемінің тарифтерін қызмет берушілер ұсынады. Көмірдің бағасын есептеу үшін аудан әкімдігінің "кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі белгілейді.

4. Тұрғын үй көмегін төлеу

21. Тұрғын үй көмегінің төлемі "Ұйғыр ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі екінші деңгейдегі банктер арқылы алушылардың дербес шоттарына есептелген сомаларды аудару жолымен жүзеге асырады.